

Важно, наконец иметь текущий и перспективный планы правотворческой работы, в полной мере использовать в этой работе компьютерную технику. Необходимо наладить тесное сотрудничество правотворческой деятельности с практикой реализации нормативных правовых актов. Тем самым устанавливается обратная связь актов с законотворчеством, обеспечивающая соответствие создаваемых нормативных актов (их уточнения, изменения, дополнения) потребностям постоянно изменяющейся жизни.

#### Список литературы:

1. Нерсесянц В.С. Проблемы общей теории права и государства. – М: Норма, 2003. – 832 с.
2. Радько Т.Н. Теория государства и права. – М: Юрист – 452 с.
3. Оксамытный В.В. Теория государства и права. – М: Юрист – 520 с.
4. Кодавбович В.А. Правотворческий процесс: курс лекций. - Минск: Амалфея, 2008. – 288 с.
5. Соколова А.А. Законодательный процесс: основные понятия и институты. Минск: ЕГУ, 2003.- 32 с.
6. Черданцев А.Ф. Толкование права и договора: учебное пособие для вузов. - М: Юнитис, 2003. – 381 с.

### ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

*Агымбаева А.А., заң факультетінің 3 курс студенті, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ  
(Ғылыми жетекшіі - Шакирова А.Б. - з.ғ.м., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы  
кафедрасының аға оқытушысы)*

Құқықтық мемлекет – көп өлшемді даму үстіндегі құбылыс. Қоғамдық прогрессте ол жаңа қасиеттерді бойына жинайды. Қоғамның дамуындағы белгілі жағдайлардың деңгейіне сай келетін жаңа мазмұндармен толығады.

Құқықтық мемлекет – бұл мемлекеттік билік қызметінің ұйымдасу нысаны, ол құқық нормаларының қарым-қатынастарымен бірге құрылады. Құқық алдыңғы рөлді тек сол кезде ғана атқарады, егер ол көпшіліктің және жеке адамдардың бостандық мөлшеріне сай болса, қызметтегі заңдар шын мәнісінде, халықтың және мемлекеттің мүдделеріне қызмет етсе, оларды пайдалану шындықтың іске асқандығы. Өткендегі тәжірибеге көңіл аударсақ, тоталитарлық мемлекеттерде құқықтық актілер үзілмей шығарылып тұрды, оларды іске асырудағы қаталдық қамтамасыз етілді, бірақ, мұндай құқықтық реттеу, құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаларына қарсы болды.

Құқықтық мемлекеттің экономикалық негізіне әр түрлі меншік формаларына, көп тәртіпке сүйенген өндірістік қатынастар (мемлекеттік, ұжымдық, арендалық, жекешеленген, акционерлік, кооперативтік т.б.) тең құқықты және бірдей мөлшердегі заңмен қорғалғандар жатады. Құқықтық мемлекетте меншіктік, тікелей өндірушілерге және тұтынушыларға жатады, жекелеген өндірушілер өзінің жеке еңбегінің нәтижесі мен өнімдердің меншіктеушісі болып есептеледі.

Мемлекеттіліктің құқықтық бастамасы, тек өзін-өзі билегенінде, меншіктік бостандығында. Құқық үстемдігін экономикалық жағынан қолдап, өндіріске қатысушылардың теңдігін, қоғамның қолайлы жағдайының тоқтаусыз өсуін және оның өзіндік дамуын қамтамасыз етеді.

Құқықтық мемлекеттің әлеуметтік негізін құраушы – өзін-өзі реттейтін азаматтық қоғам. Ол қоғамдық прогрестің иелері – бос азаматтарды біріктіреді. Мұндай мемлекеттің дәл ортасында, өзінің әр түрлі мүдделерімен адам тұрады. Әлеуметтік институттардың жүйесі, қоғамдық қатынастар арқылы, әр азаматтың шығармашылық, еңбек мүмкіншіліктеріне қажетті жағдайлар жасауына болады, ой плюрализмі, жеке адамның құқығы және бостандығы қамтамасыз етіледі. Құқықтық мемлекет – бір мезгілдегі әлеуметтік мемлекет. Құқықтық мемлекеттің адамгершілік негізін, жалпы адамдық гуманизм принципі және адалдық, теңдік жеке адамның бостандығы, оның ары және адамгершілігі құрайды. Құқықтық мемлекеттің режимін шын мәнісінде, адамның жоғарғы адамгершілік құндылығы бекітеді, олардың қоғам өміріндегі басқару рөлін қамтамасыз етеді, жеке адамға жасалатын басынушылықты, күшейтуді жояды. Дәлірек айтсақ, ол мемлекеттік басқарудың демократиялық тәсілінен, сот процесінің адалдығынан, жеке адамның мемлекетпен қарым-қатынасындағы құқығының және тәуелсіздігінің артықшылығы, аз топтың құқығын қорғау, әр түрлі діни сенімдерге көнуден көрінеді. Мемлекеттік өмірдің рухани толықтығы көп жағдайларда, қоғамның адамгершілік жетілгендігінен, оның өркениетті деңгейінен, әлеуметтік-экономикалық, гуманизмінен және саяси қатынастарынан толығымен көрінеді.[2, 87].

Құқықтық мемлекет – бұл тәуелсіз мемлекет, ол өз бойына бүкіл халықтың, ұлттың және елді мекендейтін аз ұлттардың тәуелсіздігін жинайды. Мұндай мемлекет үстемдікті, бәріне бірдейлікті, биліктің толықтығын, ерекшелігін іске асыру арқылы, адалдыққа негізделген азаматтардың қоғамдық қатынастарын, бостандығын қамтамасыз етеді. Құқықтық мемлекетке мәжбүр ету, мемлекет тәуелсіздігінің маңызды көрсеткіші ретінде, құқықпен шектеледі, заңсыздық пен бассыздыққа жол бермейді. Мемлекет өз күшін, құқық негізінде, тек өзінің тәуелсіздігі, азаматтарының мүдделері бұзылса ғана пайдаланады. Ол жеке адамның да бостандығын тежейді, егер оның әрекеті басқа адамдардың бостандығына қауіпті болса.

Мемлекеттің саяси табиғаты оның тәуелсіздігінен анық көрінеді. Қоғамның саяси жүйесі, бөліктерінің мүдделері және барлық гамма қажеттіліктер тек тәуелсіздікке келіп жиналады. Тәуелсіздікке байланысты ғана мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың мүдделері біріктіріледі, адал құқықтың теңдігі және еркін дамуы қамтамасыз етіледі. Енді құқықтық мемлекеттің негізгі белгілеріне көшейік:

1. Барлық қоғам өмірінің аясындағы заң деңгейінің жоғарылығы. Құқық жүйесіндегі жоғарғы құқықтылықтың нысанына ұйымдарды және адамдардың бостандығын қорғаушы заң жатады. Заңда мемлекет бәріне тәртіп жолын белгілейді, адалдық пен теңдіктен бастау алып, қоғам дамуындағы объективті қажеттілікті толық есепке алады. Міне, сондықтан да заң – жоғары заңдылық күшке ие. Басқа құқықтық актілер заңға сай болуы қажет. Заң қоғам өміріндегі ең маңызды қажеттілікті, жағдайларды реттейді. Ол өмірге, маңызды ортадағы бостандықтың мөлшерін белгілейді, қоғамның адамгершілік құндылығын қорғайды (мысалға, меншік туралы заңдар, кәсіпкерлік туралы т.б.). Қосымша заң актілері (подзаконные акты) оның ішінде ведомстволық қажетті кезінде, заңдардың кейбір қағидаларын анықтайды, бірақ заңды ешқашанда «жетілдірмейді», «түзетпейді», «ауыстырмайды». Сонымен бірге, құқықтық заң, оны шығарушылардың өз еркіне жібермейді. Заңда бекітіліп жатқан қоғамдық қатынастардың объективтігі, олардың дамуы және өз-өзінен жаңалануы көрсетілуі қажет. Заң шығарудағы әр түрлі тежеулік жүйе, субъективтік сипаттағы тыйым салу, құқықтық мемлекеттің негізіне зиян келтіреді, қоғамдық прогресті тежейді.

Құқықтық мемлекеттің негізгі – конституциясы. Онда мемлекеттік және қоғамдық өмірдің құқықтық принциптері көрсетілген. Конституция қоғамның жалпы құқықтық моделін көрсетеді, барлық ағымдағы заңдар, соған сәйкес келуі міндетті. Мемлекеттің ешқандай құқықтық актілері конституцияға қарама-қайшы келмейді. Конституцияның артықшылығы – құқықтық мемлекеттің бөлінбейтін бөлігі. Сондықтан құқықтық мемлекет – конституциялық мемлекет. [1]

2. Жеке адамның құқығының шындығы, оның еркін дамуын қамтамасыз етуінде. Әлеуметтік, саяси өмірде, адам бостандығы оның құқығы ретінде көрінеді. Құқықтық мемлекет жеке адамдарға белгілі бостандықтың болуын қолдайды, ол мөлшерден әрі қарай мемлекеттің араласуы дұрыстыққа жатпайды. Мемлекеттік биліктің «араласпауы» міндеттілігі, адамдардың өз құқығын сақтауды талап етуіне сәйкес келеді. Егер белгіленген құқық бұзылса, ол соттың қорғауымен қамтамасыз етіледі. Мұндай жағдай, нағыз құқықты бостандыққа айналдырады. Құқық жалпыға бірдей, көлемді және бір деңгейдегі бостандық. Оның шын көрінісі мына формулада қамтылады: «тұлғаға тыйым салынбаған нәрседен басқаның бәріне рұқсат етіледі».

3. Мемлекет пен жеке адамның арасындағы жауапкершілік. Саяси өкіметті алып жүруші мемлекет пен оның құрылуын іске асыруға қатынасушы азаматтың арасындағы қатынас, теңдік және адалдық негізінде болуы қажет. Мемлекет жеке адамның бостандық деңгейін заңда белгілей отырып, сондай мөлшердегі өзі қабылдаған шешімінде, қимылында өзін тежейді. Ол әр азамат туралы адалдықты қамтамасыз етуді міндетіне алады. Құқыққа бағына отырып, мемлекеттік органдары оның жарлығын бұза алмайды және бұзғаны үшін, не ол міндеттерді орындамағаны үшін жауапқа тартылады. Заңның міндеттілігі, мемлекеттік билікке кепілдіктер жүйесімен қамтамасыз етіледі, ол жағдай әкімшілік басынушылықты жояды. Мемлекеттік мәжбүрлеуді пайдалану, құқықтық сипатта болуы қажет, жеке адамның бостандық деңгейін бүлдірмеу, болған құқық бұзушылық оның ауырлығына сай жазалануы қажет. Мемлекет пен жеке адамның бірге жауапкершілігіндегі құқықтық сипаттама – қоғамдағы құқықтың объективті құрылуының маңызды бөлігі, мемлекет еріктілігінің нәтижесі емес. Құқықтық талаптарды сақтау – ең алдымен, мемлекеттің және барлық адамдардың да заңды міндеттері. Осыдан адамның табиғи құқығын, құқықтық мемлекетте көре аламыз.

Құқықтық мемлекеттің құрылуы мен қызметінің негізгі принциптеріне биліктің бөлінуі жатады. Бұл принцип, бір жағынан заң шығарушы өкіметтің мәртебесі (жоғарылығын) белгілейді, ал екінші жағынан – орындаушы және сот басқарылуының бірлігін көрсетеді. Мемлекеттік билікті

өзінше, жекелеген және тәуелсіз үш салаға бөлу, өкіметті пайдасына пайдалануға және құқықпен қатынасы жоқ тоталитарлық мемлекеттің пайда болуына жол бермейді. Мемлекеттік билік жүйесінде сол биліктің әрқайсысы өз орнында, өздеріне тән тапсырмаларын және басқа қызметтерді орындайды. Биліктің теңдігі арнаулы ұйымдастыру – құқықтық тәсілдерімен қолдану табады және бірігіп жұмыс істеуде, белгілі мөлшерде бірінің-бірі қызметтерін тежеп отырады. Сонымен қатар, олар бір биліктің екінші биліктегі, сол қызметтерінің мөлшеріндегі тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Заңдар қабылдайтын өкіметтің үстінен қарайтын жағдайының, себебі ол мемлекеттік және қоғамдық өмірдің құқықтық бастамасын, елдің ішкі және сыртқы негізгі саясатын белгіледі, сондықтан, сайып келгенде, құқықтық ұйымдастырудың және орындаушы, сот қызметтерінің нысандарын белгіледі. Құқықтық мемлекеттің тетігіндегі (механизміндегі) заң қабылдаушы органдардың маңыздылығы, олардың қабылдайтын заңдарының жоғарғы заңдалық күшін қамтамасыз етеді, сонда көрсетілген құқық нормаларына жалпы міндеттілік сипат береді.

Бірақ, заң қабылдаудағы өкіметтің жоғарылығы абсолюттік сипатта болады. Оның қимылы құқық принциптерімен, адамның табиғи құқықтарымен, адалдық және еркіндік идеяларымен шектеледі. Ол халықтың және арнайы конституциялық органдардың бақылауында болады, соның көмегімен заңдар күшінің конституцияға сәйкестігі қамтамасыз етіледі.

Атқарушы үкімет өзінің органдары арқылы құқық нормаларын іске асыруымен шұғылданады. Оның қызметі заңға негізделуімен бірге, заң көлемінде іске асырылуы қажет. Орындаушы органдар және мемлекеттік лауазым иелері заңмен белгіленбеген, азаматтардың және ұйымдардың жаңа құқығын, міндеттерін белгілейтін жалпы бірдей нормативті актілерді қабылдауға құқығы жоқ. Орындаушы биліктің тежелінуі мемлекеттің өкілетті органдарының алдындағы есеп беретіндігімен жауапкершілігінің арқасында іске асырылады. Құқықтық мемлекетте әр азамат қандай болмасын орындаушы үкімет органдарының, лауазым иелерінің заңсыз әрекеттерін сотқа шығым жасау арқылы шешеді.

Сот билігі, құқықтық мемлекеттің құқықтық негізін, қоғамдық өмірді әр түрлі қылмыстан, оны кім істесе де, қорғау үшін құрылған. Әділ сот билігі құқықтық мемлекетте, тек сот органдары арқылы іске асырылады. Ешқандай орган, сот қызметін орындай алмайды. Сот өзінің құқық қорғау қызметінде, тек заңға сүйенеді, құқықпен және заң шығарушы, орындаушы биліктен және үкімет органдарының субъективтік ықпалынан тәуелсіз болады.[3, 57].

Тәуелсіздік және заңдылық, әділ сот – азаматтардың құқығының еркіндігінің кепілі, тұтас алғанда құқықтық мемлекеттілік те жатады. Бір жағынан, сот заң шығаратын өкіметпен орындайтын үкіметтің қызметтерін өзіне иемдене алмайды, екінші жағынан, оның маңызды мақсаты, ол органдардың нормативті актілеріне құқықтық бақылау жасау болып табылады. Сот органдары, сонымен, құқықтық қағидалардың бұзылуына жол бермейтін тежеушілік фактор ретінде көрінеді, әсіресе конституциялық заң шығарушы, орындаушы мемлекеттік органдар жағынан, шын мәнісіндегі, өкіметтің бөлініп басқаруын қамтамасыз етеді.

Басқа мемлекеттерде конституциялық, құқықтық бақылау функциясын, конституциялық соттар орындайды. Өздерінің сондай қызметтерімен, заң шығарушы органдардың құқықтықшығармашылық қызметінің үстемдігіне конституциялық кепілдік жасайды. Біздің Қазақстан мемлекетінде ондай қызметті Жоғарғы Сот органдары орындайды. Ал екі ғасырдан бері АҚШ-тың конституциясы өзінің беделін және өз кезеңінің ықпалды дамуын қамтамасыз етіп келеді.

Құқықтық мемлекеттің негізгі сипаттамасы осында. Онда мемлекеттік қоғамның ұзақ даму процесінде пайда болған жалпы адамгершіліктің құны жинақталған. Адамзат өмірінің табиғи дамуындағы процесс, іс жүзіндегі құқықтық мемлекеттің құрылуына, оның теориясына жаңалықтар қосатындығына күмән жоқ.

Бұрын болған және қазіргі көптеген мемлекеттерді тану үшін оларды түрлі негіздер бойынша жіктейді. Солардың ішіндегі ерекше түрі этатикалық және құқықтық мемлекеттерге жіктеу. Оның негізі мемлекеттің құқыққа қатысынан, сонымен қатар қоғамды мемлекеттік басқарудағы пайдаланылатын нысандар мен әдістер жүйесіндегі құқықтың алатын орнынан тұрады.

Этатикалық мемлекеттер өздерінің қызметтеріндегі міндетті түрде орындауға есептелген қатаң және императивті өнімнің басымдылығымен есептеледі. Сонымен бірге аталмыш субъектілердің бостандығы мен дербестігі, мемлекетке қатысты автономдығы барынша шектелген. Бұнымен басқа ерекшелік байланысқан – мемлекет экономика саласының, әлеуметтік қарым – қатынастарды, азаматтардың жеке өмірін өзіне бағындыруға, оларды тікелей басқаруға, маңызы төмен және ұсақ мәселелерге араласуға ұмтылады. Жеке адам мен қоғамдық қатынастардың басқа да субъектілерінің құқықтарын, бостандығын және мүдделерін қамтамасыз

ету мен кепілдік беру қажеттілігін ескеретін құқықтың нысандар мен әдістерді қалайды. Құқықтың мемлекеттерге барлық экономикалық, әлеуметтік және рухани процестерге, сондай-ақ жеке адамдар арасындағы өзара қарым - қатынасқа араласу жат нәрсе болып табылады. Олар қоғамдық қатынастарға қатысушыларға едәуір автономия мен олардың құқығын статусын бекітуге жағдай жасап, оның сақталуын қадағалайды.

Мемлекеттердің аталмыш екі тобының арасында аралық үлгідегі түрлі мемлекеттер бар, оларда бірінші және екінші топтардың сипаттары үздіксіз үйлеседі. Олардың кейбіреуінің сипаты, табиғаты мен бағытына қарай эстетикалық мемлекеттерге анағұрлым жақын болады, әйтсе де бөлек құқықтық қағидаларды ұстануға тырысады. Басқалары құқықтық мемлекеттерге жақындайды, олай да этатиум белгілерін жоғалтпайды.

Тоталитарлық және авторитарлық режимдердің барлық түрлері эстетикалық мемлекетке жатады. Құқықтық мемлекеттерге батыс пен шығыстың өркениетті және өте жоғары дамыған елдері жатады. Одақтық республика ретінде құрамына Қазақстанда кірген бұрынғы кеңес мемлекеті құқықтық емес, этикалық мемлекеттің типтік үлгісі болады. Онда конституция, заңдар және басқа да нормативті – құқықтың актілері өздерінің мәні бойынша партия органдарының актілерінен төмен болып, өздеріне лайықты орынға ие бола алмайды, бұл мемлекетті басқарудың әміршіл - бұйрықшыл әдістері басым болды. Типтік мемлекет үнемі өз азаматтарына қатысты заңсыздық пен әлімжеттікке жол берді, ал 30-50 жылдары жазықсыз адамдар ауқымы мен қатыгездігі жағынан бұрын-соңды болмаған жаппай саяси қуғын-сүргенге ұшыратты. Қазіргі кезеңдегі басқарудағы құқықтың басымдылығы туралы идеялар ықпалының өсуіне байланысты конституцияда және басқа да заң кесімдерінде өздерін құқықтық мемлекетке жататынын жариялайтын елдердің саны үздіксіз көбеюде. Алайда бұл декларацияларды сол елдердің әр қайсындағы шынай ахуалмен салыстыру қажет. Өйткені көбінесе мемлекеттің өзін-өзі сипаттауы іс жүзіндегі сипаттамадан өзгеше болады.

Құқықтық мемлекеттердің пайда болуы мемлекеттік – құқықтық процестердің ұзақ дамуының заңды салдары басқарудың, озық, прогрессивті және тиімді институттарын тиісті түрде екішеу мен мұқият таңдау нәтижесі болды. Бұған мемлекеттік басқарудың құқықтың нысандарының әкімшіл - әміршіл нысандардан артықшылығын теориялық тұрғыда пайымдау себеп болды. Құқықтық мемлекеттің теориялық көздері түбірімен өткен дәуірде деп айтуға болады. Ежелгі озық ойшылдардың өздері құқықтың зор позитивті ролін есепке алмай, мемлекеттің құрылымы берік, тұрақты және сенімді бола алмайды деген пікір айтқан. Құқық мемлекеттік басқарушылардың зорлық – зомбылығына қарсы тұратын балама ретінде қарастырылды: заң әлдекімнің билігі астында болмауы керек, өйткені ол барлық органдардың лауазымды тұлғалардың және азаматтардың әрекеттеріне бағыт беруге негізделген. Осы идеялардың негізінде құқықтық мемлекеттің біртұтас тұжырымдамасы қалыптасты. Оның қалыптастырушылар Дж. Локк, И. Кант, В. Гумбольд, Г. Елинек, К. Шмитт және басқалар. Дегенмен және мәселелер бойынша бұл ойшылдардың белгілі бір айырмашылықтары бар, бірақ басты мәселеде олардың көзқарастары бірдей - мемлекеттің өзі құқықтық өнімді бұлжытпай орындау керек және соны қоғамдық қатынасқа қатысушылардың бәрінен талап етуі керек дегенді мойындайды.

Құқықтық мемлекеттің теориялық тұжырымдамасының бірқатар елдердің қызметінде жүзеге асырылуы консервативтік күштердің қарсыласуына тап болды және олармен күресте жеңе отырып, мемлекеттік және қоғамдық қызметтің барлық жақтарының жаңаруына ұласты: бүкіл мемлекеттік жүйенің құрылуы және қызмет ету қағидалары демократияланды, және адам статусы шынайы мазмұнға ие болды, құқықтың құндылықтары басты мәнге ие болды, қызметтері біртіндеп реттеле бастаған шенеуніктердің зорлық-зомбылығы азая бастады [4, 109].

Ендігі кезде әлемде этикалық мемлекеттер саны азаюы есебінен құқықтық мемлекеттер саны өсе береді деуге болады. Алайда бұл жеңіл-желпі пайымдауға болмайтын жалпы даму тенденциясы. Өйткені түрлі елдердегі әлеуметтік – саяси күштердің іс жүзіндегі ара қатынасына қарай жоғарыда сөз болған дамудың жалпы тенденциясына жатпайтын болжауы қиын бетбұрыстар болуы ықтимал. Мысалы, кейбір елдер құқықтық мемлекет деңгейіне қол жеткізгеннен кейін тоталитарлық немесе авторитарлық режимдерді орнату бағытына ауытқуы мүмкін. Ал жалпы алғанда прогресс кейін бұрылмайды.

Құқықтық мемлекет – саяси ұйымның билігі, адамның, азаматтың құқығын, бостандығын толық қамтамасыз етуге жағдайлар жасайды және мемлекеттік билікті құқықтың негізінде өз пайдасына пайдалануға мүмкіндік берілмейді.

Құқықтық мемлекеттің негізгі екі принципі бар:

1. Адамның және азаматтың құқығын, бостандығын толық түрде қамтамасыз ету, жеке адамдарға құқықтық ынталандыру режимін жасау (әлеуметтік, мазмұнды жақтары);

2. Құқықтың көмегімен, мемлекеттік билікті біртіндеп байланыстыру, мемлекеттік бөлімдер үшін құқықтық тежеу режимін құру (формалды – заң жағы);

Бірінші принцип – Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-баптың 2-тармағында мынандай сөздермен бекіген. Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу.

Құқықтық мемлекет – көпшілік - саяси биліктің құқықтық нысандағы құрылған қызметі, индивидтермен құқық субъектісі ретіндегі оның қарым-қатынасы. Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілеріне мыналар жатады: құқыққа негізделген заңның жоғарылығы, құқықтың шындығы және индивидтердің еркіндігі, биліктің бөліну принципіне сай жалпы биліктің құрылуы және қызметі.

Бірінші белгінің мәні, құқық пен заңды айырып көрсеткенінде. Қандай жағдайларда да ондай бөлінгіштік болғанмен олардың негізгі мақсаттары – заңның, әр түрлі нормативті актілердің және басқа да жалпы билік қызметтерінің бір-біріне сай келуін қамтамасыз ету. Тек құқық, заң шығарушыдан тәуелсіз әлеуметтік феномен, жалпылама өлшем және еркіндіктің тең деңгейі ретінде жалпы биліктің әр түрлі қызметіне, теңдік және адалдық принциптеріне қызмет етеді. Құқық пен заңды салыстырғанда көрсетілген өлшем жоғалады және жалпы билік өзі шығарған негізінде (құқыққа сай келмейтін) заңдылықты сақтау түрлеріне сай емес зорлық-зомбылық жасауы мүмкін. Сонымен қатар, жалпы билік ондай «заңдармен» байланысты емес, олардың билікке бағынушыларға ғана маңызы бар. Еліміздің тарихы ондай мысалдарға бай екенін айта кету қажет. Мысалы ХХ ғасырдың 30 жылдарында заңдылықты бекіту ұранына байланысты Кеңес үкіметі азаматтарының әлеуметтік-экономикалық, саяси және жеке адамдардың құқығына шабуыл басталды. Мемлекеттік билікті жүргізу тәртібіне корпоративтік элементтері кіргізіліп, азаматтардың жекелеген қоғамдық ұйымдары реформаланады, яғни, кәсіптік одақтар еңбек халық комиссариатына қосылды. 1933 жылы кәсіподақтардың атқарушы органдарымен еңбек ақының мөлшерін белгілеу туралы, ұжымдық келісім-шарт жасалуына тыйым салынды. 1931 жылғы қабылданған заң бойынша, жұмыстан кешіккендер, белгіленген уақытында келмей қалғандар жұмыстан шығарылған және баспанасынан айырылатын болған. Ондай адамдардың жұмыстары сот органдарына жіберілмей әкімшілік органдары арқылы шешілген. 1934 жылы көне объективті мойнына жүктеу принципі қолданылған (бұл Хаммурапидің 1150ж. заңына жатады): сотталған (сатқын ретінде) адамдардың отбасылары сайлауға қатынасу құқығынан айырылған және 5 жылға жер аударылған. 1934 жылғы заң бойынша 10 күннің ішінде террорлық қылмыс тергеліп, сот мәжілісіне бір күн қалғанда ғана айыптау қорытындысы берілген, сот процесінде ондай істер айыпталушымен куәларсыз-ақ шешілген, кешірім сұрау мүмкіндігі жойылған, айыптының арыз жазуына тыйым салынып, орындалуы (ату) тездетілген. 1935 жылғы заңдар бойынша көптеген қылмыстар үшін жауапкершілік 12 жастан басталған. 1937 жылы қуғын-сүргін өзінің ең шыңына жетті, құқық деформацияға түсіп, шын мәнісінде жұмыс істемеген. Қуғын-сүргінді жүргізетін мемлекет аппараты тәсілімен және пайдаланатын құралдарымен орта ғасырдағы инквизицияға ұқсаған. Тергеудегі адамдарды ресми түрде жауап беруі үшін қинауға рұқсат берілген. Оның барлығы заңды орындау үшін жасалған. Құрылып жатқан қоғамдағы құқықсыздық, өмір сүруге арналған құқықты жою, өркениетті қоғамның болуына, дамуына өте қауіпті. Құқықтық мемлекеттің екінші белгісі, құқықтық сипатта болып (құқықтық нысанды) индивидтердің қарым-қатынасын және жалпы билікті қолдайды. Теңдікті мойындау, сонымен бірге индивидтердің еркіндіктері мен құқықтарын және олардың құқықтық кепілділігін бекіту – жалпы биліктің және оның агенттерінің міндеті. Құқық және еркіндік және оларды шын қорғауға мемлекеттің көнуі, қайырымдылығы емес, бекітілген және құқықтық қабілеттілігі ретінде адамға және азаматқа тән нәрсе.

Адамның құқығы туралы түсінік ХҮІІІ-ХҮІІІ ғасырларда құрылды. Бірінші рет адам құқығы Вирджинидің құқық Декларациясына кірді. Бұл бір жарым айдай (15 мамыр 1776ж.) АҚШ-тың тәуелсіздік Декларациясынан ерте қабылданған болатын. Одан кейін олар АҚШ-тың Конституциясына және «Билле о правах» және атағы белгілі адам және азаматтар құқығы туралы француздар Декларациясына 1789 ж. кірді.

Жоғарыдағы құжаттардың авторлары және басқа да зерттеушілер адам құқығын көне оқымыстылармен құрылған табиғи құқықпен байланыстырады. Олардың айтуы бойынша адам табиғаттан жаралған және адамның мынадай табиғи құқықтары: өмір сүру құқығы, меншіктілік, жеке басының дербестігі, еркін жүру құқығы. Олардың ойынша бұл табиғи құқықтар адамдармен бірге жаралған, өзгермейтін жеке адамнан бөлінбейтін құқықтар. Әрине, қандай жағдайда болмасын адам құқығын ертедегі тарихтан бөліп зерттеуге болмайды.

Жаңа уақыттың ғалымдары, философтары және заңгерлері адам құқығы проблемаларын зерттеуде көп жетістіктерге жетті. XIX ғасырдың аяғында жаңа жағдайларға сай, адам құқығы туралы гуманистік тұжырымдама құрылып, индивидтердің қорғалуын тек ұлттық не болмаса әлеуметтік белгілері арқылы шешпей, жәй ғана адам екендігін есептеп шешу кіргізілді. Құқықтың дамуы және еркіндік, өзінің нәтижесінде адамға халықаралық дәреже берілуіне жеткізді. БҰҰ-ның жарғысы алғашқы рет, сол деңгейде адам құқығын сыйлау қажет екендігін жариялады және оны қорғайтын мүмкіншілікті көрсетті. 1948 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Жарғысының қажетті жерлерін дамыта отырып, маңызды халықаралық құжат – Адам құқығының жалпы декларациясын қабылдады. Онда адам туралы жалпы идеялар жазылып, соған жетуге барлық елдердің талаптануының қажет екендігі көрсетілген. Адам құқығының Декларациясында, негізгі еркіндіктер түсіндіріліп талданған. Сонымен, адам құқығын халықаралық деңгейде қабылдау жолында маңызды қадамдар жасалды. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында 1966 жылы қабылданған екі пактіде (Экономика туралы пакт, әлеуметтік және мәдени, азаматтық және саяси құқықтар пактілері) мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастықта әр қайсылары өздерін қамтамасыз ету үшін, көрсетілген белгілі құқықтарды пайдалану қажеттігі белгіленді.

Кейінгі жылдары адам проблемасы біздің елімізде үлкен әлеуметтік, саяси және адамгершілік маңыздылыққа ие болуда. Өзекті мақсат – Қазақстан Республикасының Конституциясында жарияланған саяси және әлеуметтік-экономикалық құқықтарды барлық мемлекеттік органдардың мүлтіксіз орындауын қамтамасыз ету.

Тарих тәжірибесі көрсеткендей, сот реформасы – ең тиімді және құқық пен бостандықтың кепілі. Ол мақсат үшін кең түрде, барлық өркениетті өмірдегі жалпы соттар, арнайы соттар біздің Қазақстанда да пайдаланылады. Адам құқығын қорғайтын мемлекеттік органдар да бар. Көптеген халықаралық органдар адам құқығын қорғауды, қамтамасыз етуге құрылған: БҰҰ-ның адам құқығы туралы комиссиясы, адам құқығы туралы комитет, адам құқығы туралы Еуропалық комиссия, Адам құқығы туралы Еуропалық сот.

Жалпы биліктің ұйымдастыру – құқықтық құрамы, құқықтық талаптарға сай болуы қажет және оларды орындауға бейімделуі қажет. Осындай құқықтық мемлекеттің үшінші белгісі, ол басқа екі компоненттердің іске асуын қамтамасыз етеді. Мұндағы маңыздысы, әр түрлі құрылымдардың құқығы биліктегі бір адамға шоғырлануына мүмкіндік бермеуі қажет (мысалы тоталитарлық кеңес мемлекеті және басқа да бұрынғы социалистік мемлекеттердегідей). Ондай мақсатқа билікті бөлу қағидалары – ертедегі мәдениеттің ұлы жетістерінің біріне жатады және Ертедегі Грецияда, Римде сыннан өткен. Платон мен Аристотельдің саяси құрылыммен басқару нысандарын талдағанда, сол принциптерді Ағарту кезеңінде негізделуге жағдай жасалды. Осындай ойды, жаңа уақытта бірінші рет Дж.Локк айтқан болатын. Ол билік құдіретін, заң шығарушыға және атқарушыға бөлді, олардың міндетіне сай және әскери жағын жатқызды. Локктың идеясын Монтескье дамытты, оны осы күнгі түсінушілікке жеткізді. Оған тағы да, әр түрлі билікті тежеу жүйесі жатады, себебі онсыз бөліну жүйесі жұмыс істемес еді.

Аристотель өзінің «Политике» деген ғылыми еңбегінде мемлекеттік құрылымдағы, «үш элементті» көрсетті: заң шығаруға – жиналған орган, магистратура және сот органдары. Одан екі ғасыр өткеннен кейін Полибий «Жалпы тарих» еңбегінде, ондай басқару нысанының артықшылығын атап өтті және бұл элементтердің бір-біріне қарсы тұрып, өздерін-өздері тежейтіндігін тұжырымдады.

Билікті бөлу қағидасы, теориялық және күнделіктілік жағынан барлық демократиялық мемлекеттермен қабылданды. Дәстүрлік кеңестер идеологиясы бұл қағиданы мойындамады, себебі олар мынандай жағдайларға сүйенді: «елдегі билік халық сайлаған Кеңестерге қарайды», яғни «маркстік-лениндік теория биліктің бөлінуін мемлекеттің таптық табиғатына қарсылық ретінде қабылдамады. Дегенмен 20 жылдардың басында белгілі заңгер-ғалым А.М.Рейснер бірінші рет, осыған былай көңіл аударған: «кеңес депутаттары мен атқарушы орын ығыстырылуда». Кейіннен шын мәнісінде, атқарушы орындар партиялық аппаратпен ығыстырылды [5, 177].

Қазір билікті бөлу қағидасы бізде, Қазақстан Республикасының Конституциясымен жүзеге асырылады.

Ондай билік үшеу: заң шығарушы билік (заң шығаратын органдар), атқарушы билік (орындаушы органдар), сот билігі (сот органдары). Билікке бөліну мемлекеттік биліктің бірлігін бұзбауға тиіс. Сол мақсатта қызмет істейтін институт – мемлекет басшысы (мысалы, Қазақстан Республикасының Президенті), барлық үш билік бірдей және бір-бірінен тепе-теңдікте болып бірін-бірі тежейді, бір биліктің асып кетуіне жол берілмейді. Атқарушы билік «өзінің табиғатына

байланысты» басым болуға ерекше бейім, оған көптеген деректер (фактілер) көмек береді: өзімен құрылған бюрократтық аппаратқа сүйену, мәжбүрлеу органдарының оның бақылауында болғандығы, ақпаратты пайдалану т.с.с. Сайып келген жағдайда, атқарушы билік авторитарлыққа, ал заң шығарушылар, атқарушы және сот органдарын өзіне бағындырып – тоталитарлыққа айналулары мүмкін. Сондықтан, мемлекеттік биліктердің жеке болғанының маңызы, ондай биліктердің, тек бір органға жиналуына мүмкіндік бермейді. Бұл проблема тарихи дәстүрлеріне, мәдениетіне және басқа жағдайларына сай әр елде, әр түрлі шешіледі.

Құқықтық ғылымға, қазіргі кезде, табиғи түрінде мойындалатыны азаматтық (жекелеген), саяси, экономикалық, әлеуметтік және жеке адамның мәдениеті, ол «Адам құқығының 1948 жылғы жалпыға бірдей Декларациясында» және басқа да халықаралық актілерде бар.

Сонымен, қорыта келе, құқықтық мемлекет дегеніміз – Заңның жоғарылығы, барлық азаматтардың заң алдында теңдігі, биліктің бөлінуі, соттардың тәуелсіздігі ұстанымдарына негізделген құқық жүйесі қалыптасқан мемлекет.

Құқықтық мемлекеттің ең басты және айқын белгісі – заң бәрінен де жоғары тұрып, қоғамдық өмірде үстемдік етеді. Қоғамдық өмірдің барлық маңызды жақтары заң шығарушы билік органы осыған ыңғайлап құрылады.

Құқықтық мемлекеттің тағы бір маңызды ұстанымы – барлық мемлекеттік органдарға, лауазымды тұлғаларға заң талаптарының орындалуын міндеттеуі.

Қоғам адамдарды жынысына, тегіне, нанымына, лауазымына, ұлтына, материалдық жағдайына, жасына, өзге де әлеуметтік белгілеріне қарап алаламауы керек. Заң алдында адамдардың бәрі тең. Бұл биліктің рәмізі секілді, қоғам мүшелерінің адамгершілігінің асқақтығының айғағы болатын, қоғамның рухани жетілгендігін, оның шын мәніндегі өркениеттілігін көрсететін, бүкіл адамзат қабылдаған құқықтық саналықтың өлшемі. Өркениетті елдердің конституциялары азаматтарды түрлі әлеуметтік белгілеріне қатысты алалауға, кемсітуге жол берілмейді. Қазақстан Республикасының Конституциясы да осы ұстанымды басшылыққа алған.

Бұл ұстанымның мазмұны биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлініп тұруынан көрініс береді. Бұл ұстаным бойынша биліктің әр тармағы өзінің құзіреттілігі шеңберінде ғана әрекет етеді. Билік толығымен үш тармақтың үшеуінің де қолына түспей, олардың әрқайсысынан тең алыстықта болады. Сонымен қоса, билік тармақтары бірін-бірі өзара тежей және ара-салмақтылыққа келтіре отырып, демократиялық нормалардың бұзылуына, билік құруға шектен тыс әуестеніп кетушілікке қарсы кепілдік факторы болады [6, 87].

Құқықтық мемлекеттің келесі маңызды қағидаларының бірі соттардың тәуелсіздігінің баянды етілуі болып табылады. Құқықтық мемлекетте сот мемлекеттік биліктің үш тармағының біреуі болып саналады. Даулы құқықтық мәселелердің барлығы сотта шешіледі.

Қазақстан Республикасы Конституциясында жазылғандай: «судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады». Соттың ісіне қол сұғу, билігіне араласу заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың бірі – олардың өмір бойына тағайындалуы.»

Мемлекет, алдымен, дамыған ұлттық құқықтық жүйенің болуы және оның нақты қызмет істеуі арқасында құқықтық деп танылады. Мемлекеттің құқықтық сипатының деңгейі, оның демократиялық, прогресшіл және адамгершілікті құқықтық идеяларды өз бойына жинақтауы халықаралық құқыққа қалай қарайтындығымен де анықталады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1995 ж. // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)
2. Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы. Оқу құралы. - Алматы., 2003. - 125 б.
3. Жоламан Қ.Д., Мұхтарова А.Қ., Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. - Алматы, 2003. - 328 б.
4. Становление правового государства и конституционный процесс в Республике Казахстан [Текст] : монография / М.Т. Баймаханов, Г.С. Джусупова, Ж.Ч. Салимбаева. - Алматы: КазГЮА, 2001. - 287 с.
5. Малько А.В. Правовое государство. // Правоведение. - 1997. - № 3. – С.175-180.
6. Мартышин О.В. Несколько тезисов о перспективах правового государства в России // Государство и право. – 1996. - № 5. - С. 3-13